

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында жас отандастарымыз 2024 жылы 5,32 млн АҚШ долларын нысаналы мақсаттарына пайдаланды

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын іске асыру аясында 2024 жылы кәмелетке толған отандастарымыздың нысаналы жинақтарды пайдалануы бойынша алғашқы қорытынды шығарылды. Еліміздің азаматы болып есептелетін барлық балаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алғашқы қаражат есептелген сәттен бастап 01.01.2025ж. жағдай бойынша "БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) шамамен **5,32 млн АҚШ долларына 53 001** өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде **тұрғын үй жағдайын жақсарту** мақсатында **2,96 млн астам АҚШ долларына 29 542** өтініш, **білім беру ақысын төлеу** үшін **2,35 млн астам АҚШ долларына 23 459** өтініш қанағаттандырылды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (шамамен 2,89 млн АҚШ долларына 28 752 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 24,57 мыңнан астам АҚШ долларына 245 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 23,12 мыңнан сәл асатын АҚШ долларына 232 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (шамамен 1,98 млн АҚШ долларына 19 728 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (шамамен 282,97 мың АҚШ долларына 2 820 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (79,29 мыңнан астам АҚШ долларына 790 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі [толық ақпаратпен](http://enpf.kz) enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік:

- нысаналы талаптарға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді;

- БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың 15-нен кешіктірмей "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

- Қор ҚР ҰБ-тан алынған ақпарат пен электрондық тізімге енгізілген нысаналы талаптарға қатысушылардың санына қатысты мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне нысаналы талаптардың бір қатысушысы бойынша есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасы, есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың сомасына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы деректерді есептеп, енгізеді;

- БЖЗҚ нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алууды АҚШ долларымен жүргізеді.

Есепті 2024 жылғы нысаналы талаптар, сондай-ақ, инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 01.02.2025ж. кешіктірілмей есептелетін болады.

Бұл ретте 2007 жылы туған, 2025 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтардың нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды есептеу де 01.02.2025ж. кешіктірілмей жүзеге асырылады.

"Ұлттық қор – балалар" бағдарламасы бойынша тұрақты түрде жасалатын есептер enpf.kz сайтына орналастырылады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM> сілтемесі бойынша көруге болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік

берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).